

Р.К. Досжан¹

*¹Қазақ ұлттық хореография академиясы
(Нұр-Сұлтан, Қазақстан)*

ҚАЗІРГІ ЖАҒАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ КӨПВЕКТОРЛЫ МӘДЕНИ БАЙЛАНЫС

Аннотация

Мақалада көпвекторлы мәдени байланыс орнатудың әлемдік тәжірибелері зерттеледі. Жаһандану термині түсіндіріледі және жаһандану тұсында тауарлар, ақша шексіз алмасқан тұста ұлт туралы көзқарастарға тоқталады. Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіздігін жариялаған уақыттан бастап халықтың мәдени өмірінде болған сапалы өзгерістер қарастырылады. Қазіргі Қазақстанның әлемдегі өз орнын қайта қарауға мәжбүрлейтін, әлемде сапалық жағынан жаңа геосаяси және геэкономикалық жағдайдың туындауы туралы айтылады.

***Түйінді сөздер:** мәдениет, мәдени байланыс, көпвекторлы, жаһандану, саясат.*

R.K. Doszhan¹

*¹The Kazakh National Academy of Choreography
(Nur-Sultan, Kazakhstan)*

MULTI-VECTOR CULTURAL CONNECTION IN THE MODERN GLOBAL WORLD

Annotation

The article explores the global practice of creating multi-vector cultural bonds. The meaning of the term globalization is explained, a view is revealed about the role and place of a nation in the period of exchanging money and goods in new conditions. Also discusses the qualitative changes in the cultural life of the Kazakhs since the declaration of independence of the Republic of Kazakhstan. It tells about the emergence of a new geopolitical and geo-economic situation from a qualitative point of view in the world, forcing to reconsider the role of Kazakhstan in the modern world.

***Key words:** culture, cultural connection, multi-vector, globalization, politics.*

Р.К. Досжан¹

*¹Казахская национальная академия хореографии
(Нур-Султан, Казахстан)*

МНОГОВЕКТОРНАЯ КУЛЬТУРНАЯ СВЯЗЬ В СОВРЕМЕННОМ ГЛОБАЛЬНОМ МИРЕ

Аннотация

В статье исследуется мировая практика создания многовекторных

культурных связей. Разъясняется значение термина глобализация, раскрывается взгляд о роли и месте нации в период обмена денег и товаров в новых условиях. Также рассматриваются качественные изменения в культурной жизни казахов со времени объявления о независимости Республики Казахстан. Рассказывается о возникновении нового геополитического и геоэкономического положения с качественной точки зрения в мире, вынуждающем пересмотреть роль Казахстана в современном мире.

Ключевые слова: культура, культурная связь, многовекторный, глобализация, политика.

Көпвекторлы мәдени байланыс туралы сөз қозғамас бұрын, біз алдымен мәдениет туралы, жалпы адамзатқа ортақ мәдени құндылықтар туралы айтқанымыз жөн.

Мәдениет тек қана жекелеген халықтар мен аз санды этностардың ғана емес, сонымен қатар мемлекеттердің де өмір сүруінің басты мәні мен басты құндылығы болып табылады. Олардың мәдениеттен тыс өмір сүруі ақылға қонымсыз.

Әлемнің мәдени бірлігі деген ұғым бар. Яғни, халықтар ғасырлар бойы жинақтаған мәдени құндылықтардың бір белгілі әкімшілікке, мұражайға, мекемеге немесе тіптен жекелеген бір елге ғана тиесілі еместігін саналы түрде ұғыну қажет. Олар барлық адамзатқа ортақ.

Міне, дәл осы себепті, жалпы әлемде көпвекторлы мәдени байланыс орнату үшін, алғашқы қадам осы мәдениеттің барлық адамдарды біріктіруден басталуы керек. Оларды біріктірудегі басты мақсат жалпы осы адамзат баласына ортақ алуан түрлі мәдени құндылықтарымызды, рухани болсын, материалды болсын, сақтап қалудың жолдарын іздеу мақсатында өзара сұхбаттаса алу, оны қорғаудың заңды кодексіні жасау.

Бүгінде ақпараттық немесе әлеуметтік желілерді ашып қарасақ, әртүрлі «кеңістіктер» мен «өрістер» туралы сөз қозғалып жатады. Ондаған газеттер мен журналдардағы мақалаларда, теле және радио бағдарламаларда экономикалық, саяси, ақпараттық және т.б. кеңістіктерге қатысты мәселелер қызу талқыға салынып жатады. Осы орайда мені қызықтыратыны мәдени кеңістік мәселесі. Кеңістік ретінде мен бұл жағдайда тек жай ғана белгілі бір географиялық территорияны ғана емес, ең алдымен, тереңдігі мен ауқымы кең ортаның кеңістігін ұғынамын.

«Жаһандану» жаңа термин болып табылғанымен, бірақ оны көбіне Батыстың ұстанымымен қарастырамыз. Бұл тұрғыдан Питер Бейер жаһандануды «бір мәдениеттің басқа мәдениеттер есебінен таралуынан да күшті өзгеше бір құбылыс» ретінде бағалайды. Яғни, ол жаһандануды «өзіндік бір әлеуметтік құрылымдарға ие» ғаламдық мәдениетке әкеп ұластырады. Соған сәйкес жаһандану,

бір жағынан, әртүрлі әлеуметтік және мәдени құбылыстар арасындағы қайшылықтарды тудырса, ал екінші жағынан, түрлі мәдени құбылыстар арасындағы айырмашылықтарды азайта түспек. Жаһандану барысында капиталдар, тауарлар, қызметтер мен кейде тіпті жұмыс күші де шекара асып, трансұлттық сипатқа ие болады. Діни идеялар мен мәдени құндылықтардың ағыны осы үдіріспен сүйемелденіп, әлемнің бейнесін өзгертуі де мүмкін, яғни, оны біртіндеп біртұтас ғаламдық жүйеге айналдырмақ.

Көпвекторлы мәдени байланыс ең алдымен бұрынғы дайын парадигмаларға сүйенуге мәжбүр болды. Ол парадигмалар негізінде бүкіл әлемде «Батыс – Шығыс» антиномиялары арқылы жүзеге асатын. Бүгінгі өте қарқынды жүргізіліп отырған жаһандану үдерісі бұл ескі парадигманы шайқалтып, тұғырынан қозғап та жіберді. Қазірдің өзінде Абай айтқан «батысым – шығыс, шығысым – батыс» болып кетті деген қанатты сөзі бүгінгі күннің шындығына айналды. Алайда, жаһандану үдерісіне бірінші ұшыраған батыс мемлекеттері қайтсек ұлттық ерекшеліктерімізді сақтап қаламыз деп бас ауыртуда. Бүгінгі батыс социологиясы мен философиясы саяси-экономикалық жаһандануды мойындағанмен, мәдениетте оқшау болуға тырысуда. Сондықтан американ философтары осы құбылысты дәл бейнелеу үшін «локальды мәдениет» терминін ойлап тапты. Осы тұрғыда Франция секілді алып елдердің өзі ұлттық дәстүрін, мәдениетін, тілін сақтап қалуға, қорғауға, әсіресе, АҚШ-тың экспансиясынан аман алып қалуға бар күшін жұмсап жатыр. Бұл тұрғыдан келгенде қазақ мәдениетін, қазақ өркениетін қолдау, қорғау біздің мемлекетіміздің ұлт саясатындағы ең басты мәселесі болуы керек.

Жаһандану тұсында тауарлар, ақша шексіз алмасқан тұста ұлт туралы көзқарас та өзгеруде, жаңа теориялар пайда болуда. Ұлт дегеніміз бүгін тілдік, мәдени, діни қауымдастық қана емес, ол бренд, оның бәсекелестікке сай өндіретін тауары. Ұлттық мемлекет сол тауарды өндіретін корпорация ғана. Бұл теориямен келісейік не келіспейік, мәселе онда емес, ұлттың беделі, жақсы аты (имиджі) оның өндіретін тауарларымен де өлшенетіні анық, ал ол өлшем ұлттың халықтар арасындағы орнын, беделін анықтайтын ақиқат. Бір ұлт бірнеше брендтің иесі болуы ықтимал. Бренд тауар шығарған мемлекеттің тауарлары мен бірге оның тарихы, дәстүрі, ұлттық мәдениеті бірге тарайды.

Ел аумағында тұратын жүзден аса этностық топтың өкілдері азиялық және еуропалық компоненттерді үлестіретін бірегей мәдени нақышты құрайды. Сондықтан жаһандық мәдени стандарттар мен үлгілерді жаппай тарату жағдайларында мәдени сан алуандық пен өзіндік ерекшелігі бар мәдени дәстүрді сақтау, әсіресе, өзекті мәселеге айналып отыр. Өз мәдениетін қорғау үлгілерін әр ел өз қолымен

жасайтыны кездейсоқ емес.

Осы түйткілдің маңыздылығын ұғынған Қазақстанда мемлекеттік деңгейде басым бағыт – мәдени саясат саналы түрде жасала бастады. «Мәдени мұра» бірегей бағдарламасы соның негізін қалайды, осы бағдарламаның елдегі мәдени тектік қорды сақтауға, дамыту мен таратуға қатысты жүйелі тәсілі нақты практикалық іс-шаралардың жемісі арқылы іске асырылады [1, 47 б.].

Мәдени бірлік ХХІ ғасырда бұрынғы ғасырларға қарағанда тығызырақ әрі алуан түрлі болып отыр. Оны біз қазіргі таңда жасалып жатқан көпвекторлы саяси байланыстың орнап, нығаюының арқасында көріп те, сезіп те, соның бір қатысушысы болып та жүрміз.

Сонда жалпы көпвекторлылық дегеніміз не?

Бұл анықтаманы қазіргі заманғы саясаттану сөздігінен таба алмайтынымыз айқын көрініп тұр. Дегенмен, егер де «вектор» сөзінің этимологиясына көңіл аударатын болсақ, онда бұл сөзді «тасымалдаушы, бағыттаушы» деп аударуға болады және бұл белгілі бір ұзындық пен бағыттың кесіндісі дегенді білдіреді.

Алайда, бұл ұғым тек сыртқы саясатта ғана емес, қазіргі таңда мәдени байланыстарды орнатуды да маңызды болып отыр. Себебі осы сыртқы саясаттағы байланыстарды орнатудың өзі ішкі рухани байланыстарды бір халық өкілдерінің екінші халық өкілдеріне паш етуінен, оны өнер арқылы жеткізулерінен бастау алады емес пе?

Қазақстан, 1991 жылы тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін, көптеген объективті және субъективті факторлардың әсерінен халықаралық аренада өте қысқа мерзім ішінде айтарлықтай нық орын ала алды. Өзге ТМД елдеріне қарағанда Қазақстан Республикасы ірі конфессияаралық және этносаралық шиеленістердің орын алуына жол бермеді. Полиэтностық және поликонфессиялық қоғам қазақ елі үшін кемшілік емес, басымдылық ретінде қабылданды.

Қазақстан Республикасы Халықаралық сауда ұйымына мүше болып кірді. Бұл тек біздің еліміздің экономикасын ғана емес, сонымен қатар мәдениетін де жан-жақты байланыстар орнату арқылы одан әрі дамытуға, ұлттық құндылықтарымызды әлемдік жаһандану процесіне интеграциялауға үлкен жол ашады. ЭКСПО-2017 Халықаралық көрмесі де қазақ халқының төл мәдениетін, әдебиетін, ұлттық құндылықтарын, өнерін жер жаһанға паш етуге бағытталған ауқымды мәдени экономикалық іс-шара болып табылады.

Осы орайда, Қазақстан тәуелсіздік жылдары бойын түп негізінде көпвекторлылық жатқан айтарлықтай салмақты және салиқалы саясат жүргізіп келе жатқанын атап көрсеткен жөн. Әрине, бұл біздің Елбасымыздың көрегенді саясатының арқасы.

Қазақстан Республикасы әлемдік интеграция арқылы адамдардың бір-бірімен етене жақын араласып, мәдени сұхбат

орнатып, бір-бірінен үйреніп жатқан ХХІ ғасырда өз бетінше жеке әлем болып қалмауы керек. Себебі, біздің территориямыз үлкен, халқымыз да әртүрлі этнос өкілдерінен құралған, табиғи ресурстарымыз бай, Еуразияның жүрегінде елордамыз бар, экономикалық тұрғыдан ешбір теңізге тікелей шығатын жол жоқ. Осы фактілерді ескере отырып, табиғи географиялық кемшін тұстарымызды «түзету» және белгілі бір басымдылықтарды алуға осындай көпвекторлы мәдени байланыстарды нығайтудың маңызы зор.

Көпвекторлықты Президент Н.А. Назарбаев төмендегідей анықтады: «біздің елдің практикалық мүддесіне сай және әлемдік істерде айтарлықтай рөл атқаратын барлық мемлекеттермен достық және болжамды қарым- қатынастарды дамыту арқылы жүзеге асады. Қазақстан өзінің геосаяси және экономикалық әлеуетіне байланысты тар шеңберлі аймақтық мәселелерге тұйықталып қалмауы тиіс. Бұл тек біздің көп ұлтты халқымызға ғана емес, сонымен қатар бүкіл әлемдік қауымдастыққа да түсініксіз болар еді» [2, 89 б.]. Кейінірек, 1996 жылғы 11 қыркүйекте ҚР СІМ кеңейтілген коллегиясында сөйлеген сөзінде ол «өз кезінде елдің халықаралық саясатының көпвекторлы сипатының дұрыс анықталғанын» растады.

Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіздігін жариялаған уақыттан бастап мәдени өмірде үлкен, сапалы өзгерістер басталды. Біріншіден, тарихи мәдени мұраларымыздың өзіндік орны мен қажеттілігі айқындалды, халықаралық қатынастар дами бастады. Бұл саланың күрделі мақсаттарының бірі – мәдениетті ұлттың рухани байлығы ретінде дамыту және жандандыру.

Тоқсаныншы жылдардың басында Қазақстанның мәдени даму барысында ерекше серпіліс пайда болды. Мәдениет, өнер қайраткерлері өз шабыттары мен ұмтылыстарының тек өз шығармашылық табыстары ғана емес, сонымен бірге бүкіл мәдениетіміздің даму жағдайы сол табыстармен байланысты екендігін түсінді. Көптеген қайраткерлер өздерінің жеке мектептерін аша бастады. Соның ішінде Қазақстан Республикасының халық әртісі Жәния Әубәкірованың музыкалық колледжі, өнертанушы Евгений Гуцалюктің көркемсурет мектебі, суреткер Бақыт Талқамбаевтың «Арттерапия» мектебі», «Қызғылт жал» атты халықаралық би фестивалінің қарамағындағы осы аттас би мектебі т. б. Сонымен бірге бірнеше жаңа шығармашылық одақтар құрылды.

Жалпы алғанда, Қазақстанның кәсіби өнері еуропалық және жергілікті қазақи қалып пен тақырыптарды біріктіре білді, сондықтан ХХ ғасырда ол өнердің барлық саласында дамып, ойлау ұстанымында еуразиялық болып табылады. Бұның негізінде біздің ұлттық қалып пен мәдени мұраларға толығымен сүйенген орыстың академиялық білімді кәсіби мектебі жатыр.

Еліміздің мәдени өмірінің дамуына өз үлесін қосып келе жатқан көптеген мұражайлар мен галереялар бар. Бүгінгі таңда республикамызда 103 мемлекеттік әр бағыттағы, яғни, тарихи-өлкетану, көркемсурет, әдеби мемориалдық, музыкалық мұражайлар бар.

Астанада халықаралық фестивальдар мен конкурстар өткізу әдетке айналды. Атап айтсақ, Қазақстан халықтарының достығы фестивалі, талантты жастардың республикалық «Шабыт» фестивалі, Қазақстанның ән конкурсы «Астана жұлдызы», қазақ әндерінің конкурсы т.б.

Барлық шығармашылық ұйымдардың материалдық негізі-мәдени құрылыстар сақталып, қайта қалпына келтірілуде. Мәдениет саласында мемлекетаралық қатынастар байланысы қайта жандана түсті. Бүгін Қазақстан өнердің әр бағытында жоғары дәрежедегі халықаралық аренаға көтерілді.

Осы тақырыпты зерттеп жүрген саясаттанушылар, сарапшылар мен зерттеушілердің жекелеген ескертулеріне сүйене отырып, ең алдымен, мемлекеттердің сыртқы саяси қызметінің реалийлерін талдай отырып, көпвекторлы мәдени байланыс орнату саясаты дегеніміз бұл негізгі сипаты әлемдік және аймақтық ойыншылармен және әртүрлі маңызды күштер орталықтарымен бір мезгілде теңгерімді және біртекті қатынас орнату болып табылатыны туралы түйін жасауға болады.

Сонымен қатар көпвекторлы мәдени байланыс орнатудағы әр халықтың, оның ішінде қазақ халқының басты мақсаты ұлттық мүдделерді барынша қорғау мен тәуелділікті барынша азайтуға бағытталған. Бұл орайда қазіргі замандағы әлемнің әртүрлі геосаяси орталықтарымен теңгерімді әрі терезесі тең болатындай сындарлы геосаяси бағытты алып жүре білудің маңызы зор.

Қазіргі кезде Қазақстанның көпвекторлы мәдени байланыс орнату саясатының мысалы ретінде мыналарды: Ресеймен одақтық қатынастар, Қытаймен ынтымақтастық және көршілік қарым-қатынас орнату, АҚШ пен стратегиялық әріптестік орнату, Орталық Азия елдерімен интеграциялық қарым-қатынас, Еуропалық Одақпен және Азия елдерімен өзара тиімді байланыстар орнатуды айтып өткен жөн.

Орталық Азия мемлекеттеріне қатысты көпвекторлы мәдени байланыс туралы сөз қозғағанда, осы елдердің өзара мәдени байланыстарының жағдайы жаһандану дәуірінің өтпелі кезеңінде тұрғанын болжауға болады.

Отандық сарапшылардың пікірінше Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты аясында көпвекторлы мәдени байланыстарды дамытудың қажеттілігін түсіндіретін бірқатар факторлар бар:

1. Қазақстан Республикасының ҚХР мен РФ секілді ірі

державалар арасындағы кең территорияда орналасуы;

2. Қорғалмаған шекаралар мен шешімін таппаған шекаралық мәселелер;

3. Әлемдік теңіз коммуникацияларына тікелей шығудың тек шекаралас мемлекеттер арқылы жүзеге асырылуы;

4. Күштердің әлемдік орталықтары мен аймақтық державалардың қысымы;

5. Алыс және жақын көршілес елдер көз тігіп отырған аса бай пайдалы қазбалардың болуы;

6. Қазақстан экономикасы көлемінің оның территориясымен салыстырғанда кіші болуы;

7. Әскери әлсіздігі;

8. Тұрғындардың шашыраңқы орналасуы.

Осы факторларды ескере отырып, сыртқы саясатта көпвекторлы мәдени байланыстарды дамытудың нағыз Қазақстанның басым тұстарын пайдаланып, табиғи кемшін тұстарын түзетуге мүмкіндік беретін құрал екені туралы қорытынды жасауға болады.

Қазіргі таңда Қазақстанның әлемдегі өз орнын қайта қарауға мәжбүрлейтін, әлемде әлемде сапалық жағынан жаңа геосаяси және геэкономикалық жағдайдың туындауы туралы айтуға болады. «Жаңа» жағдайды анықтайтын факторлар ретінде мыналарды атауға болады: Қазақстандағы трансформациялық кезеңнің аяқталуы; Қазақстанның аймақтық ықпалының артуы; ТМД мен Орталық Азиядағы интеграциялық процестердің белгісіздігі мен аяқталмауы; әлемдегі геосаяси жағдайдың, күштердің халықаралық орталықтарының теңгерімінің өзгеруі; жаңа қауіп қатерлер ошақтарының пайда болуы; әлемдік экономикадағы дағдарыстың аса қатты ушығуы – Қазақстан Республикасы саясатының басты басымдылықтарының бірі елдің мәдени саласында басқа дамыған елдермен тең деңгейге жаһандану жағдайында өз ұлттық құндылықтарымызды жоғалтпай, керісінше осы екеуінің синтезі арқылы дамуы болып табылады.

Қазақстан Республикасы қазіргі таңда өзін жаһандық ойыншы ретінде қарастырмайды. Қазақстанның негізгі мүдделері аймақтық деңгейге шоғырланған. Алайда, бұл Қазақстанды заманауи жаһандық мәселелерді шешуге қатысудан шет қалдырмайды. Өзінің еуразиялық кеңістікте орналасуы себебінен, алға қойған стратегиялық мақсаттарының айқын болуы себепті Қазақстан Республикасы ғасырлар бойы келе жатқан мәдениетті көпвекторлы бағытта дамытуын өзге елдермен ынтамақтастық әрі достық қарым-қатынастар арқылы жалғастыра бермек. Осы бағытта жұмыс жасай отырып, біздің еліміз аймақтағы өзара әрекеттестік пен ашық мәдени байланыстар, сұхбаттар жүргізуге, тұрақтылық орнатуға мықты негіз құруда [3, 119 б.].

Жақын арада Қазақстанда мәдениетті дамытуға бағытталған «Мәдениет туралы», «Кино туралы» заң жобалары қабылданды. Сонымен бірге осыған байланысты заңды актілер де іске қосылмақ. Елімізде білімді, терең ойлайтын мамандар даярлауға көп көңіл бөлінген.

Мәдени дамуымыздың басты мақсаты – көп ұлтты Қазақстанда бірыңғай мәдени ақпарат кеңістігін құру. Бұл кеңістіктің ұлтымызды әлемдік деңгейде танытуда, оның рухани байлығын көтеруде, әлемдік қоғамдастықпен тең дәрежеде болуға қосатын үлесі зор.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі отандық мәдениет пен өнерді жандандырумен, дамытумен бірге халықаралық мәдени қатынастарды жақсартуға да көп көңіл бөлуде. Қазақстанның мәдени саясатының басты бағыты – елімізді жалпыәлемдік кеңістікте дұрыс дәрежеде таныту, әлемдік даму тенденциясына шығару. Жалпы әлемдік процеске қатысу, еліміздің жеке хабарлама кеңістігінің болуын қамтамасыз ету Қазақстанның, оның жалпы мәдениетінің қоғамда дұрыс пікірде болуына өте қажет.

Сонымен бірге «достықты нығайту» мәдени өмірде тек фестивальдар мен концерттер өткізумен ғана шектелмейді, сондай-ақ, еліміздің халқын мәдени білімін жетілдіруге де көңіл бөлінген. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен бірлесе мәдени, білім алу жұмыстарын кеңейту мақсатында көптеген мемлекеттермен қарым-қатынастар жүргізілуде. Шетелдерде білім алуға бағытталған президенттік бағдарлама бойынша өнер, мәдениет саласы бойынша сұраныс көп мамандар дайындау ісі қолға алынған. Қазіргі кезде Германиядағы, Ресейдегі (Сургут қаласы), Башқортстандағы, Қырғызстандағы және т.б. мемлекеттердегі қандастарымызбен мәдени, ғылыми байланыстар жүргізу ісі де жақсартыла бастады.

Отандық музыка өнерін шетелдерге насихаттау мақсатында да жұмыстар жүргізілуде. Аталған фестивальдар мен концерттерден өзге халықаралық конкурстарға, ғылыми конференцияларға, шығармашылық жобаларға және бұрынғы Кеңестік одақ кеңістігіндегі ұрпақ пен мәдениет арасындағы өзара байланыс орнату туралы жобаға қатысу көзделуде. Қазақстан мемлекетін толық дәрежеде таныту барысында компакт дискілер жаздыру, бағалы музыкалық аспаптар сатып алу, шетелдерден белгілі өнер шеберлерін шақырту және өз өнер қайраткерлерімізбен тәжірибе алмастыру жұмыстары жолға қойылған.

Қазіргі таңда Еуропалық және Азиялық мәдениет деңгейінің қайсысы дұрыс-бұрыстығын тереңінен талдауымыз керек. Мысалы, Еуропа елдерінде бала санын шектеу қарт санының басым түсуіне, жұмыссыздықтың өсуіне, жалдамалы әскер жалдауға және қатігездікке

соқтыруда. Сонымен қатар адамзат қауымына жат біржынысты некені қолдау сияқты, көптеген елдерде қазіргі таңда үйреншікті құбылысқа айналған процеске тосқауыл қоюымыз керек. Бұл шаралардың алдын алу үшін ата-баба салт-дәстүрін (көпәйелділікке жол беру, жесірін далаға тастамау, жетім мен жесір ақысын жемеу) кеңінен насихаттау жүзеге асырылуда. Әрине, жаһандану дәуірінде көпвекторлы мәдени байланыстың жағымды және жағымсыз тұстары болуы заңдылық. Оны саралап, әрбір халық өз салт-дәстүрлерімен ұштастыра отырып, тек тиімді жақтарын ұрпақ тәрбиесіне қолдануы керек. Бұл жерде қазақ халқының «ұлға отыз үйден тыю, қызға қырық үйден тыю» деген аталы сөзімен айтылған, астарында көп мағына жатқан өзіндік қағидасы бар [4, 3 б.]. Көпвекторлы мәдени байланыстың дамуына көршілес мемлекеттердің де әсері зор. Мысалы, әлеуметтік қарым қатынас негізінде кез келген елмен қарым-қатынас жасау үшін алдымен ол елдің тілін, мәдениетін танып білу керек. Қазіргі таңдағы ғаламтор байланысы арқылы әртүрлі көзқарастың дамуы жүзеге асуда. Кезінде Ресейде француз тілінде сөйлеу, француз мәдениеті насихатталса, қазіргі таңда Азия елдерінің әдет-ғұрпы, корей, жапон елдерінің мәдениеті кеңінен зерттелуде. Тіпті Азия елдерінің ішінде қазақ халқының өте мәдениетті болғанын, үлкенге ізет, кішіге құрмет көрсеткендігін біз әлем алдында мақтанышпен айта аламыз. Ұрпағымызға көпвекторлы мәдениетті ұғындыра отырып, әлем елдерінің мәдениетін зерттей келе, сол елдердің мәдениетінің жақсы жақтарын бойларына сіңіріп, өзіміздің ата-баба салт-дәстүрлерін дәріштеп, әлемдік мәдениетті меңгерген жаңа қоғамға сай тұлға қалыптастыру көпвекторлы мәдениеттің басты мақсаты деп айта аламыз. Сондықтан да біздің елімізде қолданбалы қолөнер, құсбегілік, ат баптау, айтыс, ұлттық тағам өнімдерінің технологиясын зерттеу, тіпті қазақтың қонақ күту өнері, қымыз баптау істері туралы көптеген зерттеу насихаттау жұмыстары жүргізілуде.

Сонымен қатар, отбасы құндылығы, «ата көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» қағидасы, көпбалалы отбасы болуды дәріптеу бүгінгі таңдағы ауқымды шаралардың маңыздысы саналады. Бұдан басқа табиғи органы қорғау, аң-құстарды сақтау біздің қазақ халқында «обал» деген жалғыз сөзге сыйғызылған. Табиғи ортаға жанашырлықпен қарау, қорғау, ғаламдық экология, демографиялық саясат қазіргі таңдағы жаһандану кезеңіндегі ең ауқымды мәселелер. Олар да көпвекторлы мәдени байланыстың белгілі бір салалары әрі маңызды тармақтары болып табылады.

Осылайша, көпвекторлы мәдени байланыс Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алғанынан бастап, әлемдік қауымдастыққа біртіндеп интеграциялануы жолында көптеген позитив әкелген объективті қажеттілік екені туралы да қорытынды

жасауға болады. Оның нәтижелерінің бірі ретінде Қазақстанның табысты аймақтық мемлекет, аймақтағы бастамашыл интеграциялық процестердің бастаушысы, сонымен бірге жаһандық және аймақтық құрылымдардың белсенді қатысушысы болып табылатынын атауға болады.

Қорыта келе, көпвекторлы мәдени байланыстың ауқымы кең, зерттелетін бағыты өте алуан түрлі және ұрпақ тағылымында рөлі де ерекше орын алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әбуов Ә.Е. Мәдениет және оның қазіргі жаһандану кезеңіндегі орны // Қазақстан Республикасының ұлттық ғылыми академиясының хабарлары. - 2010. - №5. - 47-48 бб.
2. Лаумулин М.Т. Внешнеполитическая стратегия Казахстана в современной геополитической обстановке // Казахстан в глобальных процессах. – Алматы, 2006. - №1. - С. 88-101.
3. Современный Казахстан: общественное мнение / отв. ред. К.К.Султанов. – Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2011. – С.156.
4. Абсаттаров Р.Б., Мен Д.В., Мукажанова А.Ж. Культура межэтнического общения: казахстанский опыт. – Алматы: «ИП Уатханов А.Ф.», 2012. – С.240.

References:

1. Abuov A.E. *Madeniet zhane onyn qazirgi zhahandanu kezenindegi orny* // Kazakhstan Respublikasynyn ulttyq gylymi akademijasynyn habarlary. – 2010. – №5. – 47-48 bb. (*In Kazakh.*)
2. Laumulin M.T. *Vneshnepoliticheskaja strategija Kazahstana v sovremennoj geopoliticheskoy obstanovke* // Kazakhstan v global'nyh processah. – Almaty, 2006. - №1. - S. 88-101. (*In Russ.*)
3. *Sovremennyj Kazahstan: obshhestvennoe mnenie* / отв. ред. К.К. Sultanov. – Almaty: KISI pri Prezidente RK, 2011. – S. 156. (*In Russ.*)
4. Absattarov R.B., Men D.V., Mukazhanova A.Zh. *Kul'tura mezhetnicheskogo obshhenija: kazahstanskij opyt.* – Almaty: «IP Uathanov A.F.», 2012. – 240 s. (*In Russ.*)